




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ



«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНТАНУЛЫҚ
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ» атты
ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ



Редакция алқасының төрағасы

Құрманалиева Айнұр Дүрбеленқызы дінтану және мәдениеттану кафедрасының
менгерушісі, философия ғылымдарының
докторы, профессор

Редакция алқасының мүшелері:

| | |
|-------------------------------------|--|
| Байтенова Нағима Жаулыбайқызы | философия ғылымдарының докторы, профессор |
| Ғарифолла Есім | ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор |
| Құлсариева Ақтолқын Тұрлыханқызы | ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор |
| Рысбекова Шамшия Сәйдғалиевна | философия ғылымдарының докторы, профессор |
| Борбасова Карлығаш Молдағалиқызы | философия ғылымдарының докторы, профессор |
| Абжалов Сұлтанмұрат Өтешұлы | философия ғылымдарының кандидаты, доцент |
| Мейрбаев Бекжан Берікбайұлы | философия ғылымдарының кандидаты, доцент |
| Утебаева Динара Сахибовна | докторант |
| Әскенұлы Елнұр | жауапты хатшы, магистрант |

*«Қазақстан Республикасындағы миссионерлік қызмет ерекшеліктері»
ғылыми-зерттеу жобасы аясында*

**«Қазақстандағы дінтанулық білім беру және діни сауаттылық»
атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы,
16 маусым 2016 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 154 б.
ISBN 978-601-04-2523-1**

Дінтану – Қазақстанда қалыптасып келе жатқан жана ғылым саласы. Кешенді ғылым ретінде дінтанудың зерттеу саласының аясы кең. Көпконфессиялы мемлекет ретінде Қазақстан қоғамында тұрақтылықты, тыныштықты сақтаудың маңызы зор. Осы орайда діни бірлестіктердің қызметін мемлекет тарапынан реттеу шараларының сапалы әрі жүйелі болғаны маңызды. Жинақта дәстүрлі емес діни бірлестіктердің қызметін, дін және қоғам мәселелерін қамтитын, сондай-ақ білім беру үрдісін дамытуға қатысты зерттеулер бойынша мақалалар жинақталған. Жинақ аталған тақырыппен айналысып жүрген ғалымдар, жас зерттеушілер, жоғары және орта мектеп оқытушылары, докторанттар мен магистранттар, мемлекеттік жұмыс қызметкерлері және діни қайраткерлер, сонымен қатар осы мәселеге қызығушылық танытатын көпшілік қауымға арналған.

Әдебиеттер

1. Иса Д. Преобразование миссионерства: сдвиги парадигмы в богословии миссионерской деятельности. СПб.: «Библия для всех», 1997. С. 202.
2. Филан А.В. Формирование концепции миссионерской деятельности Общества Иисуса // Диалог со временем. Альманах интеллектуальной истории. – Вып. 14. – М., КомКнига, 2005. С.265-286.
3. Милтон Д.Рудник История Евангельского христианства

*А.Д. Құрманалиева
Е. Әскенұлы*

Патша үкіметінің шоқындыру саясатын жүргізудегі миссионер Н.И. Ильминскийдің орны

Отарлаушы мемлекеттер өздерінің қол астындағы халықтардың тілін, дінін, ділін өзгертуге барынша күш салады. Ресей империясы да өзі жаулап алған жаңа жерлердің халқын орыстандыру, оларды ұлттық келбетінен айыру мақсатында шоқындыру саясатын жүргізді. Орыстың мемлекет ретінде күшейген кезінен яғни бастау алған бұл зәбірлі саяси қадамның зардабын көптеген халықтар тартты. Бодан елдердің дінін өзгерту үрдісін Ресей империясы бастапқыда күшпен жүргізді. Татарлар, Сібір халықтары т.б. ұсақ ұлттар Патша үкіметінің мәжбүрлеуімен православиелік сенімді қабылдады. Бірақ уақыт өте келе бағынашты халықтарға православиені күштеп танудың нәтижесі төмен екені байқалды. Осыған байланысты Патша үкіметі шоқындыруға байланысты жаңа саясатты қолға алды. Ресейдің шоқындыруға қатысты жаңа жүйесі танымал миссионер, шығыстанушы-ғалым, исламтанушы, этнограф Н.И. Ильминскийдің есімімен және оның білім беру ісіне қатысты идеяларымен тікелей байланысты. Филология ғылымдарының докторы, профессор М. Мырзахметұлы Н.И. Ильминский жөнінде былай дейді: «Ресей патшалығының ең сенімді идеология майданының ең белсенді тобы миссионерлердің бар амал-айласы, күш қуаты татар